МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР ТУРИЗМІНІҢ ОРТАЛЫҒЫ

БІЗДІҢ МЕКЕН ЖАЙЫМЫЗ

Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, 8 ғимарат
8 (7292) 60-54-00, 8 (776) 612 1996
инд: 130000, ocdt-2017@mail.ru
ocdt_01_2019 ocdt-2017

ҚАРАКӨЛ – ҚҰСТАР ӘЛЕМІ ЭКСКУРСИЯСЫ

МАЭК - КАЗАТОМПРОМ

Маңғыстау атом энергокомбинаты (МАЭК; бұрын — Маңғышлақ энергозаводы, Маңғышлақ энергокомбинаты) — 1972-1999 жылдары жұмыс істеген. Оның құрамында - БН-350 реакторының буын пайдаланатын, тұщыту қондырғылары бар дистиллят дайындау зауыты (ЗПД), сондай-ақ Ақтау қаласына электр энергиясы мен жылу өндіретін ЖЭО-М, ЖЭО-А, ЖЭО-3 бар. Қазіргі таңда - Маңғыстау облысындағы энергиямен жабдықтаудың ірі көзі болып табылатын Қазақстанның көпбейінді энергетикалық кәсіпорны.

Электр энергиясы нарығында үстем жағдайға ие нарық субъектісі, жылу өндіру және сумен жабдықтау жөніндегі табиғи монополия субъектісі болып табылады. Мемлекеттің толық бақылауында және ФНБ «Самрук-Қазына» тобына кіреді.

ҚАРАКӨЛ

Қаракөл - бұл жасанды көл шамамен 50 жыл бұрын Маңғыстау облысының әкімшілік орталығы Ақтау қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 10-15 шақырым жерде, өзімен аттас сордың орнында пайда болды. Су қоймасы, шын мәнінде, салқындатқыш тоған болып табылады, өйткені оған «МАЭК-ҚазАтомПром» ЖШС жылу станцияларының энергетикалық жабдықтарын салқындату үшін пайдаланылған қыздырылған таза теңіз суы құйылады. Бұдан әрі, су ағызу арнасы арқылы Каспий теңізіне кері түседі.

Қаракөл көлінің су қабатының ауданы кәсіпорынның өндірістік қуатына тікелей байланысты және бүгінгі күні шамамен төрт мың гектарды құрайды. Су айдынының орташа тереңдігі - шамамен 1 метр, ені - 1-3 километрге дейін, ең үлкен ұзындығы - 15 километрге дейін жетеді. Көлдің теңізге қосылуы және ондағы су жылы болғандықтан, уақыт өте келе бұл жерге тірі ағзалар қоныстана бастады. Қаракөлдің алғашқы тұрғындары балдырлар, фито және зоопланктондар болды, содан кейін шаяндар, балықтар пайда болды. Біртіндеп жыл құстары да осы жерді өздерінің қоныс аударуының ежелгі жолындағы «мотель» ретінде қоныстана бастады.

ҚАРАКӨЛ - ҚҰСТАР ӘЛЕМІ

МАРШРУТ БАҒЫТТАРЫ:

Ақтау қаласы
«МАЭК-КазАтомПром» музейі
Каракөл көлі
Теңіз жағалауында серуендеу

Қашықтығы: 20 км
Туризм түрі: танымдық экскурсия
Қатысушылар құрамы: 20-23 адам
Экскурсия құны: 1 топқа - 80000тг

Қосымша қызметтер

Автобус
Гид-экскурсовод қызметі